

Хромтау тау – кен техникалық жоғары колледжінің дәнекерлеу ісінің өндірістік оқыту шебері Апетов Канат Петржановичтің аналитикалық есебі

Мен Апетов Канат Петржанович 2020 - жылы «Техника және технологиялар бакалавры» біліктілігі бойынша Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Машина жасау» факультетін аяқтадым.

Жалпы жұмыс өтілім - 18 жыл

Жалпы педагогикалық өтілім – 13 жыл, 10 ай

ХТКТЖК-дағы жұмыс өтілім – 13 жыл, 10 ай

2007- жылдың 9-шы тамызынан бастап Хромтау жоғары колледжінде жұмыс жасап келемін. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңгі өсіп келе жатқан жастарымыздың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Осы орайда колледжде өз жұмысыма тиянақты, ұқыпты қараймын. Колледжіміздегі барлық іс –шараларға белсене қатысамын. Колледждегі әріптестерімнің сабақтарына қатысып, үздіксіз білім беру курстарында алған білімдерімді өз әріптестеріммен бөлісемін. Заман талабына сай әр сабақты жаңаша жоспарлап отырамын. Сабақта топтық, жұптық жұмыстар ұйымдастырамын. Студенттерім сабаққа ынтасын танытып, еркін сөйлеп, берілген тапсырмалармен жаттығуларды емін еркін жасай алады.

Сонымен қатар өзімнің кәсіби шеберлігімді үнемі жетілдіріп отырамын.

Педагогикалық қызметтің негізгі мақсаттары:

Бәсекеге қабілетті, білімді, білікті мамандар даярлау;

Оқу процесінің сапасын арттыру;

Өз қызметімде студенттердің танымдық ойлауы мен тұлғалық сферасының әдістерін қолдану;

Оқу үрдісінде оқытудың озық әдістерін сыни ойлау тәсілдері ретінде қолдану

Міндеттері:

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу негізінде жалпы техникалық пәндерді оқыту сапасын арттыру үшін қолдану; Студенттердің зерттеу қызметін арттыру бойынша жұмыс.

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және студенттердің танымдық қызметін жандандыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Оқыту үдерісіне қызығушылықты арттыру;

Білім алушылардың білім сапасын арттыру.

Оқу-тәрбие қызметі.

Өз сабағымда М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын қолданып, білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін және сабақтың құрылымын П.С. Гранкин тұжырымдамасына сәйкес және ақпараттық –коммуникациялық технологияларын, сандық білім беру ресурстары (ЦБР), CLIL (КЛИЛ) әдістемелерін пайдаланамын. Сонымен бірге дәнекерлеу ісінен өндірістік оқыту сабақтарына «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданадымын. Аталған технология білім алушыларға дәнекерлеу ісінен теориялық, практикалық тапсырмаларды сапалы орындауға оң нәтижесін беріп отыр. Бұл технология бойынша білім алушылардың оқу үрдісіне қызығушылықтары артады, өз бетімен білім алуына мүмкіндіктері болады, ақпараттық тіл байлығы (мамандығы бойынша техникалық терминдерді) меңгереді, дәнекерлеу ісінен практикалық тапсырмаларды бірлесіп орындай алады, бір-бірінің орындаған жұмысына баға бере алады, шешім шығара алады, ақаулармен жұмыс жасай алады.

2019-жылы «Кәсіпқор холдингi» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған «Модульдік құзіретілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» тақырыбындағы 72 сағат көлеміндегі курстан, 2020–жылы «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған «Арнайы пәндерді (модульдерді) CLIL, TBLT әдістемелері және BOPPS моделін қолдана отырып ағылшын тілінде оқыту» тақырыбындағы 72 сағат көлеміндегі курстан, «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында 36 сағат көлемінде қашықтықтан біліктілік арттыру курсынан, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту:

контентін құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында 36 сағат көлемінде қашықтықтан біліктілік артыру курсынан, «Педагогтердің ІТ –күзінеттіліктерін дамыту және жетілдіру» тақырыбындағы 36 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өттім.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс

Өзімнің педагогикалық жұмыс тәжірибеммен бөлісу мақсатында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан «Дәнекерлеу ісінен тесттер жинағы» және «Арнаулы пәндер бойынша презентациялар жинағы» атты электрондық ортасын құрастырып шығардым.

Өзімнің кәсіби шеберлігімді үнемі жетілдіру үстіндемін, әріптестерімнің сабақтарына қатысып, олармен тәжірибе алмасып отырамын. Сонымен қатар 2019-жылы «Техникалық және кәсіптік білім» атты ғылыми ақпараттық-әдістемелік журналына «Сварка стыковых швов в нижнем положении шва. Наклон электрода» тақырыбында, 2020-жылы облыстық «Ақтөбе ұстазы» газетіне «Сварочный выпрямитель ВДМ1001У3» тақырыбында сабақтар жарияладым.

Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша «Дәнекерлеу ісінен өндірістік оқыту» сабағынан түсірген бейне сабақтарым Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінің Youtube арнасына жарияланды.

Сабақтан тыс жұмыс.

Сабақтан тыс уақытта «Живая сталь» үйірмесінің мүшелерімен жұмыс жасаймын. Аталған үйірме оқу жылының 2020-2021 оқу жылының басында құрылып, оған 3-курс, №304 топ мамандығы 1114000 «Дәнекерлеу ісі» білім алушылары мүше. Үйірмеде білім алушылар жаңа заманғы озық дәнекерлеу аппараттарымен жұмыс жасайды, дәнекерлеудің түрлі техникасын меңгереді. Металда түрлі бұйымдар жасайды.

Оқытушының кәсіби қызметінің нәтижелігі.

Сабақтың- ойластырылған ішкі логикасы, ғылыми көзқарас және оқылатын материалды баяндауда қол жетімділік оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, әкімшілік дене тәрбиесі бойынша өткізетін бақылау нәтижесі: №304-топ студенттерінің білім үлгерімі 100% , білім сапасы 1-курстан 3-курсқа дейінгі аралықта 56% - тен 71% - ға дейін өсті.

Кәсіби шеберлікті арттыру.

- 2021-жылы «WorldSkills Ақтөбе-2021» аймақтық чемпионатына «Дәнекерлеу технологиясы» күзінеттілігі бойынша 3-курс, №304 топ білім алушысы Горячев Григорий Сергеевич қатысып, 4-орынға ие болды. (медальон)